

**Бекет атаның 260 жылдығына арналған  
Публицистикалық мақалалар**

**Ержан хазірет**

**Бисембі Әріпұлы,**

*Қазақстанның ауылшаруашылығына еңбек сіңірген қызметкер, Ұлы Отан соғысының ардагері, Ақтау қаласы.*

**Дүйсембі Әріпұлы,**

*Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, облыс әкімі жанындағы ардагерлер кеңесінің мүшесі, Ақтау қаласы.*

Бұдан 13 жыл бұрын Елбасының шешімімен 1997-ші жыл жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп аталғаны белгілі. Осыдан бергі кездерде Президентіміздің бұл шешімі жұртшылық тарапынан айырықша ризалықпен қолдау тауып, республика, қала, аудан орталықтарында, елді мекендерде қуғын-сүргінге ұшырап, құрбан болған қайраткерлердің, қарапайым ел азаматтарының рухына құран оқу, елі, халқы үшін еткен қызметтерін халыққа паш етудің игілікті жұмыстары іске асырылып келеді.

Тәуелсіз елімізде еркіндіктің самал желі желпіп, жайлы лебі жеткеніне қуандық. Қуандық та есімізді жинап, өткен-өшкенімізді еске түсіріп, көп жылдар бойы қиюы қашып келген ақыл-ойымызды сергітіп, жаңаша қадамдар жасауға дәт ете бастадық. Сонда біздің ойымызда біз білетін Маңғыстаудың асыл-ардақтылары қайта оянып, олардың арасында обал мен сауаптың, имандылық пен қайырымдылықтың белгісіндей болып Ержан(Ермұханбет) хазіреттің бейнесі тұрды.

Маңғыстауда Ержан хазіреттің алдында, немесе қатарлас өмір сүрген Есек Абдолла хазірет, қырымқұл Әбді ахун, шоңай Шайқы ахун, Ыбырай ахун Құлбайұлы, бәли Нұрнияз ахун, тастемір жары Айдар ишан, бегей Тұрыс ишан, жаңай Шабар ишан, Көркембай молда, кеше жары Түйте молда, бәли Көкен молда, бектеміс жары Қарағұл, Тоқтамыс жары Төлесін молдалар болған болса, бұдан арғы заманда да адай елі арасында талайлаған пір Бекеттің жолын берік ұстаған ислам дінінің белді тұлғалары. Мекке мен Мединаға қиындықпен барып қайтқан қажылар аз болмаған. Солардың көпшілігі өзгермелі заман ағымында ескерусіз, елеусіз қала берген. Кеңестік идеологияның санамызға сіңгені сонша, ұлтымыздың тарихын ұмыттық.

Ұл-қыздарымызды өзінің ана тілінен гөрі өзге-орыс тілін білуге, қазақ халқының тарихынан гөрі Ресей тарихын білуге бейімдеп білім, тәрбие беріп, ұлтымыздың ұстамды тәлімі, ұлағатты тәрбиесі жөніне қалды. Ал кезінде осы жәйттерді сезіне біліп, ел- жұртының ертеңін ойлаған тұлғалар, дініне берік Ержан Төлегенұлы секілді көңілдері сәулелі, көзі көреген азаматтар патшалық дәуірлер мен кеңестік кезеңдерде алыс сібірлердің абақтыларына айдалды, жазықсыздан- жазықсыз атылып кетті.

Кең байтақ Қазақстанда қоғамдық, әлеуметтік өмірдің, мәдениет пен әдебиеттің қай саласы болмасын туған халқының өркен жаюы жолындағы еңбегі мадақталу орнына, керісінше, тоталитарлық жүйе кезінде өзіне пәле болып жабысып, арманда кеткен азаматтар аз болған жоқ. Солардың бірі- өзінің көзі тірісінде- ақ халық құрметіне бөленіп, ерекше беделге, құрметке ие болған, бар ғұмырын ұрпаққа білім беруге, оларды имандылыққа, тазалыққа, ынтымақты, түзу жолда болуға тәрбиелеуге арнаған, ислам дінінің ғұламасы- хазірет атанған, діни жоғары білімді Ержан Төлегенұлы еді. «Аза» кітабының 173-ші қатарында ол туралы былай деп жазылған: «Төлегенов Ержан, 1887. Ф. Александровск. Паналық жер өңдеу серіктігінің мүшесі. Батыс Қазақстан облысы бойынша НКВД үштігі... 25. 11. 37. 58-10. 11 бөлімі. 10 жылға бас бостандығынан айыруға, Гурьев облысы прокуратурасы 23. 05. 89 ақтады. » Бұдан көрініп отырғанындай, Ержан хазіреттің кінәсіздігі тек 50 жылдан кейін, өзі дүниеден өткен соң ғана мойындалған.

Мешіт ашып, балаларға әліпби үйреткен, мал бітпеген жарлы, ешбір кінәсіз, Ержан хазіреттің тек «молдасың» деп айыпталуы ақылға сымайтын өрескел зорлық болатын.

Алласына сиынған Ержан хазірет бір емес, үш рет(1932, 1937, 1942 ж.ж.) кеңес түрмесіне қамалып, өмірінің 10 жылдан аса бөлігін айдауда азаппен өткізді . Осы кездердің барлығында да тергеу орындары оған зорлық –зомбылықтың неше түрін қолданып, оны мұсылмандық жолдан тайдырудың барлық амалдарын жасап бақты. Алайда бұл әрекеттері ешбір нәтиже бермеді. Өйткені Ержекең дініне аса берік, алған бағытынан, ұстанған жолынан қайтпайтын ер, барынша ұстамды, бір сөзді, өз ісінің Мұхаммед Пайғамбар жолының уағыздарымен сәйкес келетіндігіне шынайы сенетін, құранды, оның сүрелерін барынша қастерлеп өткен, құдай бір, құран шын деген сөздер өмірлік уағызы болған кісі еді.

1928-ші жылдан 1953-ші жылға дейін бақылауда, жауапталуда болған Ержан хазірет қамаудан келген соң да түрме тауқыметін жұқалап қана еске алатын. «Бәрі де жаратқан Алланың қалауымен болып жатады. Адам баласы шыр етіп жерге түскенде маңдайына жазылған бейнеті мен рахатын кесінді

сызығы жеткенше көріп өтуге тиісті. Аллатағаланың ісіне ренжуге болмайды»- деуші еді.

Ержекеңмен түрмеде талай бірге отырған Құлшарұлы Бекен қарт Ержан хазіреттің ұлылығын бойлай еске алып, «Шыдамы берік, төзімі болаттай Ержекең түрмеде тамақ болмай аштан аш қалған кездерімізде біздерді сабырға шақыратын: «Құдай жеткізер, уәйім айта бермеңдер, Алла жар болса аш қалмаспыз»-деп тоқтам айтып, қолтығымыздан демеп күш беріп, сенімімізді беркітіп отыратын. Айтса айтқандай, біраз шыдасақ болды, сырттан азық келіп қалушы еді...»- деген болатын.

Ержан хазіреттің адами қасиеттерін жеткізіп айту екінің бірінің қолынан келе бірмейтін іс. Өйткені ол кісінің қасиеттері жай адамдардан өзге, пенде деген ұғымнан жоғары еді. Оның ісі, сөзі, жүріс- тұрысы, кісілермен амандасуына дейін өзгелерден өзгеше, айырықша мейірімділігімен замандастарының назарын өзіне еріксіз аударатын. Ержекеңнің терең діни білімділігі соншалық, онымен ислам дінінің қағидалары, құран сүрелерін түсіндіру, дүниенің жаратылысы, өмір мен өлім жайлы пікір сайыстарына баруға тіпті әжептәуір молда атанып жүргендердің өздерінің де батылы бара бермейтін. Хазіреттің орыс тілін білетіндігі, жоғары математика есептерін де шығара алатындығы, астраномия, жағырапияны меңгергендігі талас туғызбайды, баспа беттерінде айтылып та келеді. Ержекең осындай жан-жақты білімділігі, жоғары адамгершілік қасиеттері арқасында сол кезде бүкіл кіші жүзде хазірет атағын алған екі кісінің бірі болған, екіншісі Атырауда тұратын Хасен деген кісі екен.

Ержан хазірет молдалық қызметі үшін, жаназа шығарғаны үшін жарлы- жақыбайлардан ақы алмайтын, ал дәулеттілердің ұсынған мал- мүлкін түгелдей жоқ- жітіктерге таратып беретін. Мысал келтірелік. Шайырда тұратын Іздібаев Жанжігіт ақсақал Ержан хазіретті көре қалған көнекөздердің бірі. «Әкем қайтыс болды да, - дейді Жанжігіт – ауылдас бір молдаға жаназасын оқыттым. Жаназа оқыған адамға бірдеме беретін әдетімізге орай молдаға бір жылқымды жетектеп бардым. Ержекеңнің үлкен беделін сыйлайтын, дін жолында көрнекті басшы деп білетін бұл молда «жылқыңды Ержан хазіретке апар» деп үш рет қайталады. Амалым қалмаған мен жылқымды жетектеп Шиліқұдықта отырған Ержекеңе апарып, келген шаруамды айттым. Сонда Ержекең байыпты да байсалды кейіпте өз шешімін білдіріп, жылқыңды аулыңа апарып сой да, жартысын жаназа оқыған молдаға бер, қалғанын алты жілікке бөл, бес бөлімін күйі нашарлау бес сыбайлас үйлерге тарат, ал маған бір жілігін беріп жіберсең де болады, әкеңе ысқат намазын оқуды өз міндетіме аламын деді. Мен бұл тапсырманы бұлжытпай орындадым»

Ержан хазіретпен рулас бектеміс-жары марқом Матаев Жақсығат ақсақалдың естелігін де келтіре кетудің артықтығы болмас деп ойлаймыз. Жәкең сөзін: «Кеңес үкіметі кезінде «Дін- апиын» деп діни наным- сенімдерді жоюға бағытталған, оны коммунистік идеологиямен ауыстыру қажет деп шапқылаған партия белсенділері көп болды. Сол тұста облыстан (Гурьев) келген бір партия қызметкері «осы сіздердегі Ержан деген молдаға діни уағыздарын қойғызу, оны діннен бездіру керек» деп қайта- қайта талап қоя берді. Мен сол тұста ұжымшар басшысы едім. Ержекеңе дінге қарсы үгіттің ешқандай жүрмейтінін жақсы білемін. Содан қулыққа көшіп, Сіз де сөйлесіп көріңізші, мүмкін үлкен орынның беделді адамы болғандықтан сөзіңізді қабыл алып, мұсылмандық жолдан бас тартар деп қойдым. Ол кісі барсам барайын- деді. Біздер үйге кіріп, таныса бастағаннан кейін-ақ, Ержекең өзіне тән байыптылық, шешендікпен сөз бастап кетті. Шай келді, әңгіме айтылып жатыр..., бір кездері ет келді, Ержекеңнің оралымды, ойлы сөздері жалғаса түсуде... Әлгі обком қызметкері Ержекеңе «кеңес» беріп, дінге қарсы үгіт-насихат айту былай тұрсын, тіпті сөзден қалды.

Мұсылман дінінің имандылығына өзі де сенгендей болып, астан кейін рұқсат сұрап, әрі осында келгендегі әбес ниеті үшін кешірім өтініп кетумен болды. Былайырақ шыққасын бірауыз тіл қатып, «апыр-ай, мына кісі терең білімді, жан-жақты, күшті кісі болды, оны өз дініне деген сенімінен қайтару мүмкін емес екен»- деген еді. Сондай-ақ, күні кеше ғана өмірден өткен, елге белгілі Төлесін молда Ержекеңді еске алғанда «Ержан хазіретті біздің әкелеріміз молда етіп ұстады. Мен Ержекеңе оқып, әліпби танып, діни дәріс алдым. Үздік оқыдым. Ержекеңнің мінез-құлқы жұмсақ, ілтипат- ізеті мол, білімі ұшан- теңіз болатын. Бұл кісі өз түбегіміздегі өзіміз көзбен көрген соңғы пайғамбар ғой»-деп жоғары баға берген болатын.

Әрі шежіреші, әрі шешен, діни білімді «Адайдың Алшыны» атанған Меңдалиев те Ержан хазіретті етене білетіндердің бірі еді. Алшекең: «Мен Ержекеңді жақсы білетін адаммын. Ержекеңнің білімі де, ақылы да көл-дария еді. Ол Маңғыстаудың қараойында мұсылманның қасиетті діні үшін бір туып кеткен тұлға ғой. Ержекең дүниеден өткесін Маңғыстауда мұсылманшылық бір сатыға әлсіреді. Ержекең тұрмыстың тауқыметін, айдаудың ауыртпалығын, қамаудың қиян- кескі қиыншылығын көріп жүрсе де, ешқашан пендешілік жасап, мұсылманшылық жолынан тайғақтамаған.»-деуші еді.

Маңғыстаудың белгілі діни білімді, молда, тақуаларының өзі арнайы ат сабылтып Шиліқұдық жерінде тұратын Ержекеңнің алдынан өтуге жиі барып тұратын. Олар Ержаннің терең білімін, дін жолындағы үлкен ұстаз екендігін мойындап, оның алдында өздерін кіші санап, қолын алып қайтуды өздеріне

зор мәртебе деп білген. Олардың ішінде заманында белгілі атақ- абройға ие болып жүрген жаманадай Құлшық, бәли Көкен, шотан Мұқан, тіней Нұрғали, бәубек Айжанақ, тоқтамыс Бимұрза, бектемістер Қарақұл, Қойшыбай, тастемір Әбдіжаппар Айдаришанұлы, Ағзам Жанәділ, тағы басқа діни қайраткерлер болатын. Тіпті бұлардан басқа Қазақстанның түкпір-түкпірінен, өзбек, қарақалпақ, түрікпен ағайындар арасынан шыққан діни білімді адамдар да Ержекеңе жол шалғайлығына қарамастан келіп-кетіп, пікір алысып тұратын.

Ержан хазіреттің бар байлығы кітаптары еді. Ол бос кездерінің барлығын кітап оқуға арнап өткен. Олардың арасында араб, парсы, түркі, татар тілдеріндегі кітаптардың болуы Ержекеңнің осы тілдерді де меңгергендігін байқатады. Ержекең тұтынған кітаптардан Имам Абдулла Мұхаммед бин Салламаның «ДАҚОИЙ ҚУЛ АХБАР» және Ахмад бин Али Аскаланидің «МУНАББИҺАТ» атты кітаптары араб тілінен Маңғыстаулық жас діндар, жорналшы Себасов Марат Бақбергенұлының аударуы және баспаға дайындауы арқылы жарық көрді. Бұл кітаптарды жеткізуші Ержекеңнің ізбасары Төлесін молда болған. Облыстық тарихи өлкетану мұражайының «Маңғыстау ахундары кітапханасына» кіретін бұл кітаптардың тұсаукесері «Маңғыстау ахундарының аманаты- асыл мұралардың елмен қауышуы» және шейх Ғұлама Ержан хазіреттен қалған кітаптардың қазақ тіліне аударылған тұсаукесер руханият кеші деген атпен 2004-шы жылдың 16-шы маусымында өтіп, атаның өмір жолында көрген қиындықтарды жеңе біліп, тіпті осы жолда кездескен қайсыбір дінсіздердің өздерін Алла жолына сендіре білген ерекше қасиетіне тыңдаушылар бас иіп, есімін, халқына имандылық шарапатын шашуға бағытталған өмірлік ісін айырықша құрметпен атаған еді.

Ержекеңнің соңында кітаптарынан басқа қалдырған бүкіл өмір бойы халықты имандылыққа, Алланы сүйуге, адамзаттың асылы- пайғамбарымыз Мұхамедтің(с.ғ.у.) уағыздарын, құранда айтылған талаптарды орындауға бағытталған насихаты әрбір мұсылман үшін шексіз байлық дер едік. Мұнымен бірге, Ержан хазіреттің Төлесін молдаға берген уәзиласы болғаны облыстық «Маңғыстау » газетінің бетінде жарияланды (18. 08. 09.). Хазірет бұл уәзиланы 1960-шы жылдары өз қолымен түркі (шағатай) тілінде жазып, өзінің шәкірті Төлесін молдаға қалдырған. Бұл уәзилада нәпіл намаздары берілген- деп жазады аудармашы Қожагелді молда. Ал уәзиланы аудармашыға Төлесін молданың ізбасары, шәкірті, Таушық ауылындағы «Ержан хазірет» мешітінің имамы Нұриддин молда жеткізген. Бұл күндері елімізге ірі-ірі діни оқу орындарын бітіріп келіп жатқан жас кадрлеріміз аз емес. Оларды бұл аса жауапты іске кеңінен араласса, жоғарыдағыдай,

Ержекең оқыған дүниелер қазақ тіліне аударылса, жазып кеткен естеліктері мен шәкірттеріне қалдырған басқа да уәзипалары жинақталып, өмірге келсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Ержан балалық шағында Маңғыстау ауданының Тұщықұдық елді мекеніндегі атағы елге танымал Айдар ишанның мешітінде оқып, алғашқы діни сауатын ашқан. Содан кейін білімге құштар жас сол кездегі ірі білім ордасы- Бұқара қаласына аттанып, жоғары білім алады. Ержекеңнің таңдағаны молдалық - жастарға тәлім-тәрбие, діни білім беру саласы болады. Бұқарадан шатырхат (диплом) алып келісімен бұрын өзі сауатын ашқан Айдар ишанның мешітіне молда болып орналасып, бала оқытқан. Кейінірек Ержекең Пір Бекеттің жолымен (бес жерде-Ақмешітте, Ескі Бейнеуде, Баялыда, Оғыландыда, Тобықтыда мешіт салдырған) сол Тұщықұдық жеріндегі Сорқұдықтан мешіт салып, ауыл балаларына әліпби үйретіп, оларды қайырым мен мейірімге, обал мен сауапқа тәрбиелеген. Ержекең осылайша Бекет атаның діни уағыздарын насихаттаушы, жастарды, халықты кісілікке, тазалыққа, адамгершілікке, бір Алланы медет етуге тәрбиелеудегі үлгісін жалғастырушы болды.

Төлегенұлы Ержан хазірет 1887-ші жылы кәзіргі Қаражанбас, Қаламқас жерінде- Керелде, кеңес үкіметі кезінде Орта- еспе деп аталған ауылдық Кеңесте өмірге келіп, 1966-шы жылы жасы 79 дан сексенге қараған шағында дүниеден озды, денесі ежелден елге белгілі Шақпақ ата қауымына жерленді. Ержекең діннің әрпі мен рухына өте адал болған. Ол замандастарына «Адамның тәні топырақтан жаралған, өлген соң топыраққа араласуға асығады, өлген адамға аса биік, сарайдай етіп там салу қажет емес, бұлай ету бәсеке- байрақ, мұны шарифат қолдамайды. Барлықты, байлықты жарыстырмай, шашылып- төгілмей-ақ ит- құс түспейтіндей үсті ашық биіктігі бір жобадағы там салса болады және бұл менің ойдан шығарғаным емес, атам заманнан бері қарай келе жатқан мұсылман халықтарының бізге, болашаққа қалдырған өсиет- өнегелері »- дейді екен.

Ержан хазірет Төлегенұлына өзінің қалдырған өсиеті бойынша Шақпақ атада ықшам, үсті ашық там салынған. Осы жерде бір айта кететін жәйт: бұрынғы ата-бабаларымыз белгілі бір қауымға қайтыс болған кісіні қойғанда, оның алдындағы аты елге мәшһүр, сыйлы, қасиетті деп саналатын адамға салынған тамнан артылып кесене салуды әдепсіздік деп есептеген. Ержекеңнен кейін өмірден озған, хазіреттің білімді, сенімді шәкірті Қарағұл Жәнібекұлы молда да осы Шақпақ ата қауымында жерленген. Бұл кісіге салынған там аласа, шағын ғана. Бұл жерде там салушылар Ержекеңе салынған тамнан артық етпеу жағын ескерген.

Бұған дейін Шақпақ атаға, онда жерленген Ержан хазіретке келіп тағзым ету, тілек- үміт пен түнеу, өзге де өмірден озған ата- бабалардың рухына арнап дұға оқу жергілікті халыққа оңай болмай келген еді. Өйткені елді мекендерден 100 шақырым, одан да әрі жатқан бұл аймақта зиярат ете келушілерге жаздың ыстығынан, қыстың суығынан пана боларлық ешбір құрылыс жоқ болатын. Осыған байланысты Ержан хазіреттің өмірге келгеніне 110 жыл толған 1997-ші жылы бектеміс руының бір топ жігіттері ақылдаса келе Ержан ата басына түнеухана салу жөнінде шешім қабылдады, Ержан хазірет фондысы құрылып, оның төрағасы болып Дүйсембі Әріпұлы, атқарушы директоры болып Оразбеков Тауман сайланды.

Дұрыс жол қатынастары жоқ, шатқалдар арасынан халықтың ойынан шығатын кең 4 бөлмелі төбесі күмбезді биік құрылыс тұрғызу, қасынан шырақшыға арнап 2 бөлмелі үй, аулағырақ малына қора салу, төңірегіне шөлге шыдамды бірнеше түрлі ағаш көшеттерін отырғызып көгалдандыру, айналасына даттанбайтын темірден қоршау салу жұмыстары қиынның қиыны еді. Оның үстіне жаңа ғана тәуелсіздік алған еліміздің, халықтың тұрмыстық- әлеуметтік жағдайлары да қиындау болатын. Бұл қиындықтар аузбірлікті, жігерлі жігіттерге кедергі бола алған жоқ.

Ұйымдастыру комитеті құрылып(төрағасы Д. Әріпұлы), облыс орталығынан, елді мекендерден жырақ, бірақ, Ержекеңнің мәңгілік мекен тапқанымен, басқа да ата-бабаларымыздың жатқанымен жақын, осы бір үш жағынан биік таулар қоршаған, терістік бетінен кәрі Каспийдің ақшұлан толқындары жағаға соғып жатқан аймақтан Ержан хазірет түнеухана үйін салу ісіне комитет мүшелері бір кісідей кірісіп, әрқайсысы өз тапсырмаларын орындаумен шұғылданып кетті. Құрылыстың архитекторы Қабдірешев Сүлеймен , Бас шебері Әбдіқадіров Жаңбырбай болды. Комитет жетісіне екі рет-сейсенбі, бейсенбі күндері жиналып, сан- алуан материалдардың келтірілу жәйін, құрылыстың жүрісін қатаң бақылап отырды.

Ержан хазірет өз өмірінде анау алыс, мынау жақын, бай, кедей демей, халыққа бірдей қызмет еткен болса, оған арналған түнеухана үйін салуға да бүкіл облыс халқы, мекеме, өндіріс басшылары бір кісідей ат салысты. Соның арқасында күмбезінен бастап түгелдей Жаңаөзеннен келтірілген ақшаңқан ұлутаспен әрленген түнеухана **тоғыз** айда(1997-ші жылы 4, 1998-ші жылы 5) толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. Келушілерге жағдайлы болу үшін үй ішіне кілем, көрпелер төселіп, жастықтар тасталған, аяқ- табақ құралдарымен қамтамасыз етілген. Бір бөлмеде мұражай жасақталып, онда Ержекеңнің тұтынған заттары, киімдері, кейбір кітаптары қойылған, сондай-ақ түнеухананың салыну кезіндегі істелінген жұмыстар жөнінде стендтер жасалып, көптеген ескілі- жаңалы суреттер ілінген.

Осыған байланысты үйдің кіреберіс алдына мрамордан тақтайша орнатылып, онда келушілерге арналып төмендегі сөздер жазылған: «Уа, инабатты да көзі қарақты қонағым! Бұл ғимарат саған арнап ежелден әулиелі орын-Шақпақ ата қорымында салынған қасиетті Ержан хазірет үйі. Осындағы бар мүмкіндікті қажетіңе пайдаланып, өзіңнен кейін қаз-қалпында өзгелердің де игілігі үшін қалдырып кетеді деп сенеміз.

1998-ші жылдың 22-ші тамызында Ержан хазірет үйінің халық игілігіне берілуіне орай садақа берілді, 20 дан аса киіз үй тігіліп, мыңның үстінде адам қатнасты. Садақаға келгендер, одан кейін де атаға тағзым етіп, түнеухананың игілігін көрген әйел- ер, жас- жасампаз адамдардың барлығы да айдалада бұрынды- соңды болмаған еңселі құрылысты көріп, алдымен ата есімін ардақтайтын ұрпақтары, елі бар Ержан хазіретке иман тілеп әруағына бас исе, келесі кезекте құрылысты салушыларға үлкен ризалық білдіріп, рахметтерін айтумен қатар, осы шараға орай әдейі түптелген дәптерге өз пікірлерін қалдырып келеді. Мысалдар келтіре кетелік. «Еңбектеріңіз Алладан қайтқай. Менің атам Өтесін Ермағанбетұлы түрмеде қайтыс болған кезінде оның жаназасын шығаруға ұлықсат етілмеген. Қайсар Ержекең оған бағыштаған жаназа- намазды камерада отырып оқыған. Топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болғай, Ержеке!» Ордалы Қосай. 22.08.98. «Мен Исаев Лепес, қажылыққа екі рет барғанмын.

Тұрар жерім Өзбекстан республикасы, Гагарин қаласы. Енді міне Ержан хазіретке зиярат етуге келіп, қатты риза болып отырмын. Ниеттеріңізді Алла қабыл етсін. » 26.05.99. «2001-ші жылдың 19-шы мамыр айында Шақпақ ата қауымындағы ағаларым Жүзбай мен Сахи басына белгі тас қоюға келіп, Ержекеңе салынған мешітте болдық. Осыны салған, қызмет жасаған адамдарға өте риза болдық. Көп рахмет. Еңбектерің Алладан қайтсын.» Дербісов Аманқос. Ата басына зиярат етуге келушілердің ризалықтары, ізгі тілектері осылайша жалғаса береді.

Шақпақ атаны, жаңадан тұрғызылған түнеухананы көруге, Ержан хазіретке тағзым етуге еліміздің жоғары лауазымды адамдары, министрлер, парламент делутаттары, ақын- жазушылар сапарларының орайына қарай келіп тұрады. Жоғарыда айтылған дәптерде олар да қолтаңбаларын қалдырып отырған.

Қазақстан парламентінің төрағасы Өмірбек Бәйгелді мен халқымыздың мақтанышы, мемлекеттік сыйлықтың иегері, заңғар жазушы Әбіш Кекілбайұлының Маңғыстау елін аралай келіп, Шақпақ атаны, Ержан хазіреттің түнеуханасын көрген кездерінде сол дәптерге Өмекең:« Ата- баба әруақтарын риза ету ұрпақ парызы. Әруақтар халқымызды, ұрпағын қолдай жүрсін. Өмірбек Бәйгелді. 06. 12. 1999»- деп қол қойған болса, Әбіш: «Кісі



аяғы сирек басатын жапан түзді мәдениеттендіруге бағытталған, ата-баба әруағын ұлықтауға арналған еңселі үй болып шыққан екен. Бұл үйді тұрғызушыларға көп-көп рахмет.

Әр кез әруақтар қолдасын. Әбіш Кекілбаев. 06. 12. 1999 » -деп жазған еді. Түнеуханаға кейіннен электр жарығы беріліп, жағдай бұрынғыдан да жақсара түсті. Сол 1998-ші жылы түнеуханың бітуіне байланысты алғашқы садақа берілгеннен бері әрбір жыл сайын маусым айының үшінші жетісінің сенбі, жексенбі күндері Атаға арнап садақа беруді тұрақты іске асырып келеміз. Халықтың берік қолдауына ие болып отырған бұл елеулі ісіміз бұдан былайда жалғаса бермек.

Үстіміздегі жылы Қазақстанның бірқатар аймақтарында, соның ішінде, Оғыланды тауының қатпарлы қапталынан өзі қашаған таңғажайып мешітте мәңгілік мекен тапқан, ислам дінінің уағыздаушысы, абыз, әулие, Бекет ата Мырзағұлұлының 260 жылдық мерей тойы кеңінен аталып өтпек.

Халық жазушы, Қазақстанның Еңбек Ері, ҰҒА-сының академигі Әбіш Кекілбай: «Қиянатқа жол бермес әділдіктің, күпірлікке жол бермес адалдықтың, қараулыққа жол бермес шапағаттылықтың, қатыгезділікке жол бермес мейірімділіктің, арсыздыққа жол бермес парасаттылықтың асқан үлгісін танытқан, елінің жел жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген азамат, жаудан елді арашалаған батыр, дауда әділетті арашалаған қазі, озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған пірәдар, әлсізге медет, күштіге айбар, зарыққанға жебеу, тарыққанға демеу, асқанға тосқан, сасқанға сая, ұрпаққа ұстаз, ұлысқа ұран, ел иесі, жер киесі»- деп қастерлеп, қадір тұтқан Пір Бекеттің бұл тойына алыс- жақын шет елдерден айтулы дін басыларының келетіндігіне байланысты олардың Маңғыстауда Пір Бекеттен кейін де белгілі дін иелерінің, соның ішінде Ержан хазіреттің өткендігін білгендері жөн деп осы мақаланы жазып отырмыз.

*В статье рассматриваются основные этапы жизни и деятельности видного религиозного деятеля Мангистауской земли Ержан хазрета, который так же, как Бекет ата, был для народа духовным примером высоких моральных ориентиров, чистоты и человечности.*

*In this article the main stages of life and activity of famous religious statesman of Mangustau Erzhan hazreth is considered who was just as Beket-Ata the spiritual example of moral principles, purity and humanity.*